

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына арналған пруденциалдық нормативтер, оларды есептеу әдістемесі және пруденциалдық нормативтердің орындалуы жөнінде есеп беру, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін диверсификациялау дәрежесіне қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 қарашадағы N 355 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 12 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 3351. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 87 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 87 қаулысымен (қолданысқа енгізілу мерзімін 3-тармақтан қ а р а ң ы з) .

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 45, 46-баптарын және «"Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5, 9-баптарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік)

Б а с қ а р м а с ы

Қ А У Л ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына арналған пруденциалдық нормативтер, оларды есептеу әдістемесі және пруденциалдық нормативтердің орындалуы жөнінде есеп беру, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін диверсификациялау дәрежесіне қойылатын талаптар туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

3. Осы қаулы қолданысқа енген күннен бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына арналған пруденциалдық нормативтер және пруденциалдық нормативтердің орындалуы жөнінде есеп беру туралы ережені бекіту жөнінде" 2003 жылғы 21 тамыздағы N 310 қаулысының (Қазақстан Республикасының нормативтік

құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізіліміне N 2514 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" N 21 басылымдарында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Стратегия және талдау департаменті (Еденбаев Е.С.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына және "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы"» Заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

5. Агенттіктің қызметін қамтамасыз ету департаменті (Несіпбаев Р.Р.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Қ.М.Досмұқаметовке жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен
қадағалау жөніндегі
агенттігі Басқармасының
2004 жылғы 27 қарашадағы
N 355 қаулысымен бекітілген

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына арналған
пруденциалдық нормативтер, оларды есептеу әдістемесі
және пруденциалдық нормативтердің орындалуы жөнінде
есеп беру, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымының активтерін диверсификациялау дәрежесіне
қойылатын талаптар туралы нұсқаулық**

Осы Ереже "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 45, 46-баптарына (бұдан әрі - Заң) және Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5, 9-баптарын сәйкес әзірленді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына (бұдан әрі - сақтандыру ұйымы) арналған пруденциалдық нормативтерді, оларды есептеу әдістемесін, сондай-ақ пруденциалдық нормативтердің орындалуы туралы есеп ұсынудың нысаны мен мерзімін, сондай-ақ активтерді диверсификациялау дәрежесіне қойылатын талаптарды белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Сақтандыру ұйымының төлем қабілеттілігін және қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында пруденциалдық нормативтердің мынадай түрлері белгіленген:

- 1) төлем қабілеттілігінің нормативтері;
- 2) қаржылық тұрақтылық нормативтері.

2. Төлем қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін сақтандыру ұйымы төлем қабілеттілігінің мынадай нормативтерін сақтауы тиіс:

1) өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілік нормативі, ол мына формула бойынша өтімділігі жоғары активтердің сақтандыру резервтеріне қатысы ретінде есептеледі:

$$H_{ва} = > \frac{B}{CР} \cdot A,$$

м ұ н д а ғ ы :

$H_{ва}$ - өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілік нормативі;

BA - осы Нұсқаулықтың 4-тармағына сәйкес оларды сапасы мен өтімділігі бойынша жіктеу ескеріле отырып есептелген осы Нұсқаулықтың 9-тармағында көрсетілген өтімділігі жоғары активтердің құны;

$CР$ - нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1921 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру резервтерін есептеу әдісіне қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2002 жылғы 3 маусымдағы N 211 қаулысына (бұдан әрі - N 211 қаулы) сәйкес есептелген сақтандыру ұйымының сақтандыру резервтерінің сомасы.

Өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілік нормативі бірліктен кем болмауы тиіс.

Өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілік нормативін есептеген кезде сақтандыру ұйымы активтері сомасының бір процентінен асатын кассадағы қалдық сомасы ескерілмейді;

2) сақтандыру ұйымының мына формула бойынша оларды сапасы мен өтімділігі бойынша жіктеу ескеріле отырып сақтандыру резервтері мен өзге де міндеттемелер сомасына азайтылған барлық активтер құнының жұмыс істеп тұрған сақтандыру ұйымына нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1513 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымының жарғылық және меншікті капиталдарының ең аз мөлшерін бекіту туралы" 2001 жылғы 20

сәуірдегі N 117 қаулысымен (бұдан әрі - N 117 қаулы) белгіленген жеке капиталының ең төменгі мөлшеріне қатысы ретінде есептелген меншік капиталының жеткіліктілік нормативі:

$$N_k = \frac{A - CP - O}{Msk} > \dots, \\ \text{Мск}$$

м ұ н д а ғ ы :

N_к - сақтандыру ұйымының меншік капиталының жеткіліктілік нормативі;
А - сақтандыру ұйымының осы Нұсқаулықтың 4-тармағына сәйкес оларды сапасы мен өтімділігі бойынша жіктеу ескеріле отырып есептелген барлық активтерінің құны;

CP - сақтандыру ұйымының N 211 қаулыға сәйкес есептелген сақтандыру резервтерінің сомасы;

О - сақтандыру ұйымының сақтандыру резервтері сомасын қоспағандағы міндеттемелері;

Msk - жұмыс істеп тұрған сақтандыру ұйымына N 117 қаулымен белгіленген меншік капиталының ең төменгі мөлшері.

Сақтандыру ұйымының меншік капиталының жеткіліктілік нормативі бірліктен кем болмауы тиіс.

3. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін сақтандыру ұйымы активтерді диверсификациялаудың мынадай нормативтерін сақтауы тиіс:

1) сақтандыру ұйымының осы Нұсқаулықтың 9-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына инвестицияларының жиынтық мөлшері сақтандыру ұйымының активтері сомасының он бес процентінен кем болмауы тиіс;

2) сақтандыру ұйымының осы Нұсқаулықтың 9-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің салымдарына (депозиттеріне) және Заңның 48-бабында белгіленген шектеулерді ескере отырып осы Нұсқаулықтың 9-тармағының 4)-6) тармақшаларында көрсетілген Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына инвестицияларының мөлшері мынадай мағыналардан аспауы тиіс:

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің біреуіне салымдары (депозиттері) (оның ішінде шетел валютасында) - сақтандыру ұйымының активтері сомасының он бес процентінен;

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі біреуінің және осы банктің банк тобына кіретін әрі сауда-саттықты ұйымдастырушының ресми тізіміне жоғары санат бойынша енгізілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері болып табылмайтын Қазақстан Республикасы эмитенттерінің

бағалы қағаздарына - сақтандыру ұйымының активтері сомасының он процентінен ;

осы тармақшаның үшінші, бесінші және алтыншы абзацтарында көрсетілген бағалы қағаздарды қоспағанда, сауда-саттықты ұйымдастырушының ресми тізіміне жоғары санат бойынша енгізілген Қазақстан Республикасының бір эмитентінің бағалы қағаздарына - сақтандыру ұйымының активтері сомасының он бес процентінен ;

осы тармақшаның үшінші абзацында көрсетілген ипотекалық облигацияларды қоспағанда, ипотекалық облигацияларға - сақтандыру ұйымының активтері сомасының жиырма процентінен ;

"Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының облигацияларына - сақтандыру ұйымының активтері сомасының он бес процентінен ;

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі біреуінің және осы банктің банк тобына кіретін әрі сауда-саттықты ұйымдастырушының ресми тізіміне жоғары санаттан кейінгі санат бойынша енгізілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері болып табылмайтын Қазақстан Республикасы эмитенттерінің бағалы қағаздарына - сақтандыру ұйымының активтері сомасының бес процентінен ;

осы тармақшаның бесінші, алтыншы және жетінші абзацтарында көрсетілген бағалы қағаздарды қоспағанда, сауда-саттықты ұйымдастырушының ресми тізіміне жоғары санаттан кейінгі санат бойынша енгізілген Қазақстан Республикасының бір эмитентінің бағалы қағаздарына - сақтандыру ұйымының активтері сомасының бес процентінен ;

3) сақтандыру ұйымының осы Нұсқаулықтың 9-тармағының 7) - 9) тармақшаларында көрсетілген бағалы қағаздарға инвестицияларының жиынтық мөлшері (Заңның 48-бабында белгіленген шектеулерді ескере отырып) - сақтандыру ұйымының активтері сомасының отыз процентінен кем болмауы тиіс ;

4) "өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының сақтанушыларына берілетін заемның жиынтық мөлшері сақтандыру ұйымы активтері сомасының он процентінен аспауы тиіс.

Ескерту: 3-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 19 ақпандағы N 36 , 2005 жылғы 25 маусымдағы N 226 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

4. Төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығын анықтау кезінде оларды сапасы мен өтімділігі бойынша жіктеу ескеріле отырып сақтандыру ұйымының активтері құнының есебіне :

1) а қ ш а :

кассадағы ақша - баланстық құнының жүз проценті көлемінде;
жолдағы ақша - баланстық құнының жүз проценті көлемінде;
ағымдағы шоттардағы ақша - баланстық құнының жүз проценті көлемінде;
картшоттардағы ақша - баланстық құнының жүз проценті көлемінде;

2) осы Нұсқаулықтың 9-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған салымдар (депозиттер):

талап ету бойынша салымдар - күмәнді борыштар бойынша резервті шегере отырып шоттардағы соманың жүз проценті көлемінде (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып);

мерзімді салымдар - күмәнді борыштар бойынша резервті шегере отырып шоттардағы соманың жүз проценті көлемінде (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып);

3) осы Нұсқаулықтың 9-тармағының 3) - 9) тармақшаларында көрсетілген бағалы қағаздар - күмәнді борыштар бойынша резервті шегере отырып шоттардағы соманың жүз проценті көлемінде (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып);

4) материалдық емес активтер:

бағдарламалық қамтамасыз ету - жинақталған амортизацияны ескере отырып баланстық құнының жүз проценті көлемінде;

5) күмәнді борыштар бойынша резервті шегере отырып қайта сақтандырушылардан алынатын сома, сақтанушылардан (қайта сақтанушылардан) және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары:

шарт талаптары бойынша мерзімі өтпеген берешек - алынатын соманың ағымдағы мөлшерінің жүз проценті көлемінде;

90 күнге дейінгі мерзімге шарт талаптары бойынша мерзімі өткен берешек - алынатын соманың ағымдағы мөлшерінің елу проценті көлемінде;

6) "өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының сақтанушыларына берілетін заем - негізгі борыш сомасының жүз проценті мөлшерінде.

Ескерту: 4-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 19 ақпандағы N 36 Қаулысымен.

5. Осы Нұсқаулықтың 4-тармағына сай сақтандыру ұйымының төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығын анықтау кезінде ескерілетін активтердің құнын есептеу кезінде мыналар ескерілмейді:

1) сақтандыру ұйымының меншік құқығы шектелген активтер (кепілге ұсыну, мерзімінде орындалмаған салық міндеттемелері орындауды қамтамасыз ету тәсілдерін қолдану және басқалары);

2) еншілес, бағынышты және бірге бақыланатын заңды тұлғалардың, сондай-ақ өзге аффилиирленген ұйымдардың дебиторлық берешегі;

3) сақтандыру ұйымының активтері сомасының 10%-нен асатын сақтандыру ұйымының бағдарламалық қамтамасыз етуге инвестициялар сомасы;

4) осы Нұсқаулықтың 4-тармағында көрсетілмеген активтер.

6. Сақтандыру ұйымы активтерін есепке алу және қайта бағалау қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына және сақтандыру ұйымының есеп саясатына сәйкес жүргізіледі.

7. Құны шетел валютасында көрсетілген активтер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бағаланады.

2-тарау. Активтерді диверсификациялау дәрежесіне қойылатын талаптар

8. Активтерді диверсификациялау активтерді әр түрлі инвестициялау объектілеріне бөлу болып табылады.

9. Сақтандыру ұйымы қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында өз активтерінің бір бөлігін мынадай өтімділігі жоғары активтерге орналастырады :

1) к а с с а д а ғ ы а қ ш а ;

2) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздары сауда-саттық ұйымдастырушының ресми тізіміне барынша жоғары санатта енген, немесе шетел валютасында "А-" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктемесі бойынша) немесе "А3" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктемесі бойынша) ұзақ мерзімді рейтингі бар еншілес банктер - резиденттер, бас банктер - резидент еместер болып табылатын екінші деңгейдегі банктердегі салымдар (депозиттер) (оның ішінде шетел валютасында);

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес эмиссияланған);

4) Қазақстан Республикасы эмитенттерінің Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарылған сауда ұйымдастырушының ресми тізіміне барынша жоғары және жоғары санаттан кейінгі санатта енгізілген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар (ипотекалық облигациялар мен "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының облигацияларын қоспағанда);

5) Қазақстан Республикасы эмитенттерінің сауда-саттық ұйымдастырушының ресми тізіміне барынша жоғары санатта енгізілген ипотекалық облигациялар;

6) "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының облигациялары;

7) шет мемлекеттердің "А-" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктемесі бойынша) төмен емес немесе "А3" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктемесі бойынша) төмен емес дербес рейтингі бар

бағалы

қағаздары ;

8) Қазақстан Республикасының эмитенттері - резидент еместерінің шетел валютасында "А-" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктемесі бойынша) төмен емес немесе "А3" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктемесі бойынша) төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі бар мемлекеттік емес бағалы қағаздары;

9) тізбесі осы Нұсқаулықтың 10-тармағында анықталған халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары;

10) сақтанушыларға берілген заемдар ("өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары үшін).

Ескерту: 9-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 19 ақпандағы N 36 , 2005 жылғы 25 маусымдағы N 226 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

10. Сақтандыру ұйымы өз активтерін мынадай халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздарға орналастыра алады:

- 1) Халықаралық қайта құру және даму банкі;
- 2) Еуропа қайта құру және даму банкі;
- 3) Америка аралық даму банкі;
- 4) Халықаралық есеп айырысу банкі;
- 5) Азия даму банкі;
- 6) Африка даму банкі;
- 7) Халықаралық қаржы корпорациясы (The International Finance Corporation);
- 8) Ислам даму банкі;
- 9) Еуропа инвестициялық банкі.

3-тарау. Пруденциалдық нормативтердің орындалуы жөнінде есептерді ұсыну

11. Сақтандыру ұйымы ай сайын, бірақ есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасында көрсетілген нысан бойынша пруденциалдық нормативтерді есептеуге арналған қосымша мәліметтерді (бұдан әрі - есеп) ұсынады .

Есеп қағазда ұсынылады .

Ескерту: 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 25 маусымдағы N 226 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

12. Есепті жасаған кезде қолданылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Есептегі бес жүз теңгеден кем сома нольге дейін, ал бес жүз теңгеге тең және одан астам сома - мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

Ескерту: 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 25 маусымдағы N 226 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

1 3 . < * >

Ескерту: 13-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 25 маусымдағы N 226 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

14. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ұсынған есепте дәлсіздіктер немесе қателер анықталған жағдайда уәкілетті орган оларды сақтандыру ұйымына жібереді. Сақтандыру ұйымы уәкілетті органның хабарламасын алған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органның ескертулерін ескере отырып пысықтаған есепті электрондық тасымалдағышта жібереді.

Ескерту: 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 25 маусымдағы N 226 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

14-1. Уәкілетті орган сақтандыру ұйымы электрондық тасымалдағышта ұсынған қаржылық және өзге есептіліктің негізінде пруденциалдық нормативтерді есептейді.

Ескерту: 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 25 маусымдағы N 226 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

15. Есепке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажет болған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы есеп ұсынылған күннен бастап үш күн ішінде уәкілетті органға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізу себептерін түсіндіре отырып жазбаша өтінішін береді.

Ескерту: 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 25 маусымдағы N 226 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

4-тарау. Қорытынды ережелер

16. Осы Нұсқаулықпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына арналған пруденциалдық нормативтер, оларды есептеу әдістемесі және пруденциалдық нормативтердің орындалуы жөнінде есеп беру, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін диверсификациялау дәрежесіне қойылатын талаптар туралы нұсқаулыққа 1-қосымша

Ескерту: Қосымшаға өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 19 ақпандағы N 36 , 2005 жылғы 25 маусымдағы N 226 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

(Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)
200__ жылғы _____ "_____" жағдай бойынша
пруденциалдық нормативтердің орындалуы туралы есебі
 (мың теңге)

N	Көрсеткіштің атауы	Баланс бойынша сомасы	Ескерілетін көлем	Есептеу сомасы
1	2	3	4	5
1.	Ақша - барлығы (1.1. - 1.4 жолдардың сомасы), оның іш.:		100%	
1.1	100 % баланстық құннан түскен кассадағы ақша		100%	
1.2	100 % баланстық құннан түскен жолдағы ақша		100%	
1.3	Ағымдағы шоттардағы ақша - 100 % баланстық құн көлемінде		100%	
1.4	100 % баланстық құн көлеміндегі картшоттағы ақша		100%	
2.	Бағалы қағаздары "А" санаты бойынша немесе резидент-еншілес банктер болып табылатын "А" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "А3" ("Moody's Investors Service"			

	рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) - барлығы (2.1. - 2.2. жолдарының сомасы) санаттарынан төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі бар сауда-саттықты ұйымдастырушының ресми тізіміне енгізілген резидент емес-еншілес банктерде бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің салымдары (депозиттері) (оның ішінде шетел валютасындағы), оның ішінде:		100%	
2.1	Күмәнді борыштар бойынша резервті шегергендегі шоттардағы (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) сомалардан 100 % көлемінде түскен талап ету бойынша салымдар		100%	
2.2	Күмәнді борыштар бойынша резервті шегергендегі шоттардағы (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) сомалардан 100 % көлемінде түскен мерзімді салымдар		100%	
3.	Күмәнді борыштар бойынша резервті шегергендегі баланстық құннан (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) 100% көлемінде түскен Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес айналысқа ақша шығарған)		100%	
4.	Қазақстан Республикасының эмитенттері Қазақстан Республикасы мен басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарған ("Қазақстан Даму Банкі" ЖАҚ-ның ипотекалық облигациялары мен облигацияларынан басқасы), күмәнді борыштар бойынша резервті шегергендегі баланстық құннан (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) 100 % көлемінде түскен айрықша жоғары санат бойынша сауда-саттық ұйымдастырушының ресми тізіміне енген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары		100%	
4-1	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңдарына			

	сәйкес шығарылған ("Қазақстан Даму Банкі" АҚ-ның ипотекалық облигациялары мен облигацияларынан басқасы), сауда-саттықты ұйымдастырушының ресми тізіміне жоғары санаттан кейінгі санат бойынша енгізілген - күмәнді борыштар бойынша резервті шегергендегі баланстық құнынан (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) 100 % көлемінде Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары	100 %	
5.	Күмәнді борыштар бойынша резервті шегергендегі баланстық құннан (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) 100 % көлемінде түскен айрықша жоғары санат бойынша сауда-саттық ұйымдастырушының ресми тізіміне енген Қазақстан Республикасы эмитенттерінің ипотекалық облигациялары	100%	
6.	Күмәнді борыштар бойынша резервті шегергендегі баланстық құннан (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) 100 % көлемінде түскен "Қазақстан Даму Банкі" ЖАҚ-ның облигациялары	100%	
7.	Күмәнді борыштар бойынша резервті шегергендегі баланстық құннан (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) 100 % көлемінде түскен дербес рейтингі "А" санатынан төмен емес ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "А3"-дан ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) төмен емес шет мемлекеттердің бағалы қағаздары	100%	
8.	Күмәнді борыштар бойынша резервті шегергендегі баланстық құннан (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) 100 % көлемінде түскен дербес рейтингі "А"-дан ("Standard & Poor's" және		

	"Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "А3"-дан ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) төмен емес Қазақстан Республикасының президент емес - эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары		100%	
9.	Күмәнды борыштар бойынша резервті шегергендегі баланстық құннан (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) 100 % көлемінде түскен халықаралық қаржылық ұйымдардың бағалы қағаздары		100%	
9-1.	Негізгі борыш сомасының 100% көлемінде сақтанушыларға берілген заемдар ("өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары үшін)		100%	
10.	ЖА - өтімділігі жоғары активтер жиынтығы (жолдар сомасы 1.1., 2., 3., 4., 4-1., 5., 6., 7., 8., 9 . , 9 - 1 .) Баланс бойынша активтер сомасының 1 %-нен асатын 5 бағанның 1.1 жолының сомасы ескерілмейді	X	100%	
11.	Бағдарламалық қамтамасыз ету (5-бағанда жинақталған амортизациясы ескерілген балансқа арналған активтердің 10%-тен аспайтын сомасы ескеріледі)		100%	
12.	Қайта сақтандырушылардан алынатын сомалар бойынша, сақтанушылардан (қайта сақтанушылардан) және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары бойынша күмәнды борыштар жөніндегі резервті шегергендегі шарт талаптарындағы сомалар бойынша мерзімі өтпеген берешек		100%	
13.	Қайта сақтандырушыдан алынатын сомалар бойынша, сақтанушылардан (қайта сақтанушылардан) және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары бойынша күмәнды борыштар жөніндегі резервті шегергендегі шарт			

	талаптарындағы 90 күндік өткен берешек	сомалар мерзімге	бойынша мерзімі		50%	
14.	А - сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуі ескерілген активтер жиынтығы (жолдар сомасы 1., 2., 3., 4., 4-1., 5., 6., 7., 8., 9., 9-1., 9.1., 11., 12., 13.)			X	X	
15.	CP - сақтандыру резервтері				X	X
16.	Жла нормативі - өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілік нормативі (10 жол/ 15 жол)			X	Нва=>1	
17.	Сақтандыру резервтерін қоспаған кездегі міндеттемелер				X	X
18.	Уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілері бойынша белгіленген меншік капиталының барынша төменгі мөлшері				X	X
19.	Нк нормативі - меншік капиталының жеткіліктілік нормативі (14 жол - 15 жол 17)/ жол 18 жол))			X	Нк=>1	
20.	Баланс бойынша активтер сомасы				X	X

Активтерді диверсификациялау нормативтерінің есебі

(мың теңге)

N	Көрсеткіш атауы	Баланс бойынша сомасы	Баланс бойынша активтер сомасынан %-пен
1	2	3	4
1.	Баланс бойынша активтер сомасының 15 %-нен кем емес, оның ішінде басқа мемлекеттердің заңдарына (НД1) сәйкес ақшаны айналысқа шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарындағы инвестициялардың сомалық мөлшері		
2.	Баланс бойынша активтер сомасы 20 %-тен аспаса аспаса екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын (НД5) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің ипотекалық облигациялары мен Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің банк тобына кіретін Қазақстан Республикасының эмитенттерін қоспағандағы айрықша жоғары санат бойынша сауда-саттық ұйымдастырушыларының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасы эмитенттерінің ипотекалық облига-		

	циялардағы инвестициясының сомалық мөлшері		
3.	Баланс бойынша активтер сомасының 15 %-нен жоғары емес - "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының облигацияларындағы инвестицияның сомалық мөлшері (НД6)		
4.	"А"-дан ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "А3"-дан ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) төмен емес дербес рейтингі бар шет мемлекеттердің бағалы қағаздарындағы инвестициялардың сомалық мөлшері, "А"-дан ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "А3"-дан ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) төмен емес шетел валютасындағы ұзақ мерзімді рейтингі бар, баланс бойынша активтер сомасының 30%-нен аспайтын халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары бар Қазақстан Республикасының эмитенттер-резидент еместерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары		
5.	Сақтанушыларға берілген заемдардың жиынтық мөлшері ("өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары үшін) (НД8) - баланс бойынша активтер сомасының 10%-нен астам емес		

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі біреуінің және осы банктің банк тобына кіретін әрі сауда-саттықты ұйымдастырушының ресми тізіміне жоғары санаттан кейінгі санат бойынша енгізілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері болып табылмайтын Қазақстан Республикасы эмитенттерінің бағалы қағаздарына инвестициялар көлемін есептеу - (НДЗ.-1) - баланс бойынша активтер сомасының 5% астам емес:

(мың теңге)

N	Эмитенттің атауы	Эмитент санаты	Баланс бойынша сомасы	Баланс бойынша активтер сомасынан %
1	2	3	4	5
1.	Банк тобының атауы	X		
1.1.	Банк атауы			X

1.1.1.	Акциялар	X		X
1.1.2.	Облигациялар	X		X
1.2.	Эмитент атауы			X
1.2.1.	Акциялар	X		X
1.1.3.	Облигациялар	X		X
1.3.	Эмитент атауы			X
1.3.1.	Акциялар	X		X
1.3.2.	Облигациялар	X		X
2.	Банк тобының атауы	X		
2.1.	Банк атауы			X
2.1.1.	Акциялар	X		X
2.1.2.	Облигациялар	X		X
2.2.	Эмитент атауы			X
2.2.1.	Акциялар	X		X
2.2.2.	Облигациялар	X		X
2.3.	Эмитент атауы			X
2.3.1.	Акциялар	X		X
2.3.2.	Облигациялар	X		X
				X
	Барлығы (1 - 2 жолдардың сомасы)	X		X

Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарылған ("Қазақстан Даму Банкі" АҚ-ның ипотекалық облигациялары мен облигацияларынан, екінші деңгейдегі банктердің және банктің банк тобына кіретін және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері болып табылмайтын Қазақстан Республикасы эмитенттерінің бағалы қағаздарынан басқасы), сауда-саттықты ұйымдастырушының ресми тізіміне жоғары санаттан кейінгі санат бойынша енгізілген Қазақстан Республикасының бір эмитентінің мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарына инвестициялардың көлемін есептеу - (НД 4-1) - баланс бойынша активтер сомасының 5% астам емес:

(мың теңге)

N	Эмитенттің атауы	Эмитент санаты	Баланс бойынша сомасы	Баланс бойынша активтер сомасынан %
1	2	3	4	5
1.				

1.1.	Акциялар	X		X
1.2.	Облигациялар	X		X
2.				
2.1.	Акциялар	X		X
2.2.	Облигациялар	X		X
3.				
3.1.	Акциялар	X		X
3.2.	Облигациялар	X		X
	Барлығы (1 - 3 жолдардың сомасы)	X		X

Бағалы қағаздары айрықша жоғары санат бойынша немесе еншілес банк-резидент болып табылатын банктер бойынша сауда-саттықты ұйымдастырушылардың ресми тізіміне енген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі бір банкінің (оның ішінде шетел валютасымен) салымдарындағы (депозиттеріндегі), "А"-дан ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "А3"-дан ("Moody's Investors Service" рейтингтік агенттігінің жіктеуі бойынша) төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі бар - (НД-2) - баланс бойынша активтер сомасының 15%-нен аспайтын еншілес банктердегі инвестициялар мөлшерінің есебі

(мың теңге)

N	Банк атауы	Банктің санаты/ рейтингі	Баланс бойынша сомасы	Баланс бойынша активтер сомасынан %-пен
1	2	3	4	5
1.				
1.1.	Талап ету бойынша салымдар	X		X
1.2.	Мерзімді салымдар	X		X
2.				
2.1.	Талап ету бойынша салымдар	X		X
2.2.	Мерзімді салымдар	X		X

3.			
3.1.	Талап ету бойынша салымдар	X	X
3.2.	Мерзімді салымдар	X	X
4.			
4.1.	Талап ету бойынша салымдар	X	X
4.2.	Мерзімді салымдар	X	X
5.			
5.1.	Талап ету бойынша салымдар	X	X
5.2.	Мерзімді салымдар	X	X
	Барлығы (1-5)	X	X

Баланс бойынша активтердің 10 %-нен аспайтын айрықша жоғары санат бойынша (НДЗ) сауда-саттық ұйымдастырушының ресми тізіміне енген, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі болып табылмайтын, осы банктің банктер тобына кіретін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі бір банкінің және Қазақстан Республикасы эмитентінің бағалы қағаздардағы инвестициясының мөлшерінің есебі

(мың теңге)

N	Эмитент атауы	Эмитент санаты	Баланс бойынша сомасы	Баланс бойынша активтер сомасынан %-пен
1	2	3	4	5
1.	Банк тобының атауы	X		
1.1.	Банктің атауы			X
1.1.1.	Акциялар	X		X
1.1.2.	Облигациялар	X		X
1.2.	Эмитент атауы			X
1.2.1.	Акциялар	X		X
1.1.3.	Облигациялар	X		X
1.3.	Эмитент атауы			X

1.3.1.	Акциялар	X		X
1.3.2.	Облигациялар	X		X
2.	Банк тобының атауы	X		
2.1.	Банктің атауы			X
2.1.1.	Акциялар	X		X
2.1.2.	Облигациялар	X		X
2.2.	Эмитент атауы			X
2.2.1.	Акциялар	X		X
2.2.2.	Облигациялар	X		X
2.3.	Эмитент атауы			X
2.3.1.	Акциялар	X		X
2.3.2.	Облигациялар	X		X
	Барлығы (1-2)	X		X

Қазақстан Республикасы мен басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес (Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі болып табылмайтын банктер тобына кіретін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері мен эмитенттерінің бағалы қағаздарын, ипотекалық облигацияларын, "Қазақстан Даму Банкі" ЖАҚ-ның облигацияларын қоспағанда) шығарылған, баланс бойынша активтердің 10%-нен аспайтын айрықша жоғары санаты бойынша (НД4) сауда-саттық ұйымдастырушының ресми тізіміне енген Қазақстан Республикасының бір эмитентінің мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардағы инвестициясы мөлшерінің есебі
(мың теңге)

N	Эмитент атауы	Эмитент санаты	Баланс бойынша сомасы	Баланс бойынша активтер сомасынан %-пен
1	2	3	4	5
1.				

1.1.	Акциялар	X		X
1.2.	Облигациялар	X		X
2.				
2.1.	Акциялар	X		X
2.2.	Облигациялар	X		X
3.				
3.1.	Акциялар	X		X
3.2.	Облигациялар	X		X
	Барлығы (1-3)	X		X

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы _____

_____ (Аты-жөні) (қолы)

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бас бухгалтері _____

_____ (Аты-жөні) (қолы)

Сақтандыру (қайта сақтандыру)

ұйымы мөрінің орны

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына арналған пруденциалдық нормативтер, оларды есептеу әдістемесі және пруденциалдық нормативтердің орындалуы жөнінде есеп беру, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін диверсификациялау дәрежесіне қойылатын талаптар туралы нұсқаулыққа 2-қосымша

_____ (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)

200__ жылғы _____ "_____" жағдай бойынша пруденциалдық нормативтер есебі үшін қосымша мәліметтері

(мың теңге)

--	--	--	--

Белгі N	Көрсеткіштің атауы	Баланс бойынша сомасы
1	2	3
8001	Бағдарламалық қамтамасыз ету - материалдық емес активтер	
8002	Басқа да материалдық емес активтер	
8003	Шарт талаптарына сай қайта сақтандырушылардан алынатын сомалар бойынша, күмәнді борыш резервін шегере отырып сақтанушыдан (қайта сақтанушыдан) және делдалдан алынатын сақтандыру сыйлықақылары сомалары бойынша мерзімі өтпеген берешек	
8004	Күмәнді борыш резервін шегере отырып, сақтанушыдан (қайта сақтанушыдан) және делдалдан алынатын сақтандыру сыйлықақылары сомалары бойынша, қайта сақтандырушылардан алынатын сомалар бойынша 90 күн мерзімге ұзартылған берешек	
8005	Күмәнді борыш резервін шегергендегі қайта сақтандырушылардан алынуға жататын сомалар, сақтанушылардан (қайта сақтанушылардан) және делдалдардан алынуға жататын сақтандыру сыйақылары бойынша басқа берешек	

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы _____

(Аты-жөні) (қолы)

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бас бухгалтері _____

(Аты-жөні) (қолы)

Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымы мөрінің орны